



Автор: ТЛЕУМБЕТ ДАНАГУЛ БЕКБОЛАТҚЫЗЫ

Пән: География

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Физикалық география/Гидросфера

Тақырып: Дүниежүзілік мұхит және оның бөліктерінің географиялық жағдайы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес)	Мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттайды
Сабақтың мақсаты	7.3.3.4. Дүниежүзілік мұхиттың құрамын және географиялық жағдайын анықтау
Бағалау критерийі	- Дүниежүзілік мұхит дегенді біледі; - Дүниежүзілік мұхиттың құрамдас бөліктерін біледі; - Дүниежүзілік мұхит түбінің құрылымын анықтайды; - Дүниежүзі мұхиттарымен теңіздерді үлгі жоспар бойынша сипаттайды.
Тілдік мақсаттар	мұхит, арал, түбек, теңіз, шығанақ, бұғаз, қайран- сөздерінің мағынасын түсініп айту, қолдану дағдыларын дамыту арқылы пәндік «академиялық тілді» қалыптастыру
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының Зайырлы қоғам және жоғары руханият құндылығы негізінде оқушыларды су ресурстарын және туған жердің су көздерін қорғауға баулу.
Пәнаралық байланыс	Мұхиттардың ауданын, тереңдігін әңгімелегенде математика пәнімен байланысады.
Алдыңғы білім	5-6 сыныптың Жаратылыстану пәнінен алған мұхит туралы білімдері. Гидросфераның құрамдас бөліктері

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (0-2 минут)	сәлемдесу тугендеу ынтымақтастық атмосферасын құру «Шаттық шеңбері» тренингі Қиынды карталар бойынша 4 топқа бөлу: Тынық, Атлант, Үнді, Солтүстік мұзды	түрлі түсті карточкалар, слайд
Үй тапсырмасы (10 минут)	1-тапсырма. Топтық жұмыс. Сұрақтар шеңбері әдісі. 1-топ. Өзендер 2-топ. Көлдер 3-топ. Мұздықтар 4-топ. Жер асты сулары 2-тапсырма. Картамен жұмыс. Берілген нысандардың не екенін атап, оларды картадан көрсетіп, стикерді жабыстыру. Ніл, Арал, Амазонка, Каспий, Миссисипи, Балқаш, Сырдария, Конго	плакат, стикерлер, карта

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Жаңа тақырып (15 минут)	Гидросфераның негізгі бөлігін Дүниежүзілік мұхит құрайды. Дүниежүзілік мұхит – бірнеше бөліктерге бөлінсе де, Жердің біртұтас қабығын құрайды. Яғни, дүниежүзілік мұхит бөлек-бөлек аттары бар жеке мұхиттардан тұрса да, олардың бәрі біртұтас болып табылады. Дүниежүзілік мұхиттың кез-келген нүктесінен келесі нүктесіне құрлыққа аяқ баспай жетуге болады екен. Жер шарында дүниежүзілік мұхиттың алып жатқан ауданы 361 млн км². “Дүниежүзілік мұхит” ұғымын география ғылымына 1917 жылы орыс ғалымы Ю.М. Шокальский енгізген болатын. Дүние жүзілік мұхит құрлықтар арқылы 4 бөлікке бөлінеді: Тынық, Атлант, Үнді, Солтүстікмұзды мұхит. Тынық мұхиты дүниежүзілік мұхиттың 50 %-ын, Атлант 25%-ын, Үнді – 21 %-ын, Солтүстік мұзды мұхит 4%-ын алып жатыр. - Тынықмұхит – көлемі мен тереңдігі жағынан ең үлкен мұхит. Ауданы-178,6 млнкм² Тынық мұхит тек үлкендігімен ғана емес, мұхит табанындағы жерқыртысының өте күрделілігімен, өте тереңдігімен, жер сілкіну құбылыстарының жиілігімен, аралдардың көптігімен ерекшеленеді. Тынық мұхит барлық материктердің жағалауларын шайып жатыр. 1520-1521 жылдары Ф.Магеллан дүние жүзін айналу саяхаты кезінде осы мұхитты алғаш жүзіп өтті. Жүзу кезінде ешқандай дауылға ұшырамағандықтан, саяхатшылар оны «Тынық мұхит» деп атаған. - Тынық мұхиттың ені батыстан шығысқа қарай 19 мың км, ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке қарай 16 мың км-ге жетеді. - Тынық мұхитта дүниежүзілік мұхиттың ең терең бөлігі Мариана шұңғымасы орналасқан. (11022 м) Атлант мұхиты – меридиан бағытымен созыла орналасқан және сыртқы пішіні S әрпіне ұқсас келеді. Ауданы – 91,7 млн км². Ұзындығы - 16 мың км. Ең терең жері – Пуэрто Рико -8742 м. Атлант мұхиты Жер шарындағы ең игерілген мұхит болып саналады. Атлант мұхит жағалауында дүние жүзіндегі халық тығыз қоныстанған, шаруашылығы басым елдер орналасқан. Үнді мұхиты – ең жылы мұхит болып табылады. Оның ауданы 76,2 млн км². Көпшілік бөлігі оңтүстік жарты шарда, Азия, Африка, Аустралия және Антарктида құрлықтарының аралығында орналасқан. Ең терең жері Ява немесе Зонд деп аталады, тереңдігі -7729 м Солтүстік мұзды мұхит- мұхиттар арасындағы ең кіші, ең таяз, ең суық мұхит. Ауданы 14,8 млн км². Ең терең жері – Гренланд теңізі (-5527м). Толығымен полярлы ендікте орналасқан. Дүниежүзілік мұхиттың бөліктері. Мұхиттың бөліктеріне теңіздер, шығанақтар, бұғаздар жатады. Теңіз – мұхиттың бір бөлігі, алайда суының қасиеті, ағыстары және ондағы тіршілік дүниесі жөнінен мұхиттан айырмашылығы болады. Теңізді мұхиттан түбектер, аралдар немесе су астындағы жоталар бөліп тұрады. Ірі теңіздер: Жерорта теңізі, Қара теңіз, Қызыл теңіз, Охот теңізі, Араб теңізі. Шығанақ – құрлыққа еніп жатқан мұхиттың, теңіздің немесе көлдің бір кіші бөлігі, оның ені мен тереңдігі біртіндеп кішірейеді. Атлант мұхиты Еуропа жағалауындағы Бискай шығанағын, ал Үнді мұхиты Еуразияның оңтүстігінде құрлыққа ішкері еніп, Бенгал шығанағын құрайды. Ірі шығанақтар: Бенгаль, Гудзон, Мексика. Бұғаз – екі жағынан материктердің немесе аралдардың жағалаулары шектеп тұрған еңсіз су айдыны. Бұғаздардың ені алуан түрлі болады. Тынық және Атлант мұхитын жалғастыратын Дрейк бұғазы ең кең және ең терең бұғаз болып саналады. Ірі бұғаздар: Дрейк, Гибралтар, Магеллан, Мозамбик, Беринг, Мозамбик. Мұхит құпиялары туралы бейнеролик көрсету	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақты бекіту (10 минут)	1-тапсырма. «Айналмалы бекет» әдісі 4-топқа төрт мұхит туралы тақырыпша бөліп беріледі. Әр топ өздеріне берілген тақырыпшаны оқып, топта талқылайды. Топтар тапсырмаларды орындап болғаннан кейін топтың бір адамы «елші» болып сайланады да, келесі топқа топқа барып түсіндіреді. Бұдан кейін елші өз тобына қайтып оралып, білгендерін айтып береді. 1-топ: Тынық 2-топ: Атлант 3-топ: Үнді 4-топ: Солтүстік мұзды мұхит 2-тапсырма. Кахот программасы арқылы оқушылардың білім деңгейін анықтау. 1. екі жағынан материктердің немесе аралдардың жағалаулары шектеп тұрған еңсіз су айдыны (Бұғаз) 2. Әлемдегі ең ұзын бұғаз. (Мозамбик) 3. Ең терең жері – Пуэрто Рико. 4. Дүниежүзілік мұхиттың алып жатқан ауданы (361 млн км²) 5. Қызыл Теңіз қайда орналасқан? (Африка материгінде) 6. Жер шарындағы ең игерілген мұхит –Атлант мұхиты (дұрыс) 7. Ауданы 178,6 млн км². Бұл қай мұхит? (Тынық) 8. Әлемдегі ең үлкен шығанақ (Мексика) 9. Дұрыс жауапты тап. А) Мариана - 8742 м В) Пуэрто Рико – 5527м С) Зонд – 7729 м Д) Гренланд – 11022 м	
Бағалау. (1 минут)	Оқушылардың сабақ барысында алған ұпайларын есептеу арқылы бағалау.	
Кері байланыс (1 минут)	Жетістік баспалдағы арқылы кері байланыс жасау	
Үйге тапсырма. (1 минут)	Үйге берілген тақырыпты оқып келу; мұхиттар мен олардың бөліктерін кескін картаға түсіріп келу.	